

Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының негізгі ережелері туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің шешімі 2001 жылғы 2 мамырдағы N 1034 Шығыс Қазақстан облысының әділет басқармасында 2001 жылғы 7 мамырда N 488 тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009 жылғы 8 маусымдағы N 03 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2009.06.08 N 03 қаулысымен.

"Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451-1 Заңы 14 бабының 2 тармағына сәйкес және эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерін, мерзімді баспасөз басылымдарын өндіру мен таратуға бақылау жасау мақсатында шешім қабылдаймын:

1. Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының негізгі ережелері бекітілсін (N 1 қосымша).

2. Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының таралуын бақылайтын комиссия құрамы бекітілсін (N 2 қосымша).

3. Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының таралуын бақылайтын комиссия туралы ереже бекітілсін (N 3 қосымша).

4. "Эротикалық сипаттағы материалдар жариялайтын мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының негізгі ережелері туралы" Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің 2000 жылғы 12 қаңтардағы N 1-795ө өкімінің күші жойылды деп саналсын.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау облыс Әкімінің бірінші орынбасары Т.Абайділдинге жүктелсін.

Шығыс Қазақстан облысының
Әкімі Шығыс
Қазақстан облысы Әкімінің
2001 жылғы 2 мамырдағы
N 1034 шешіміне N 1 қосымша

Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының негізгі ережелері

Осы ережелер "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңының 14 бабы 2 тармағының негізінде әзірленген.

1. Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасына тек қана жергілікті атқарушы органдарының арнайы шешімімен айқындалып, арнайы бөлінген стационарлық орындарда рұқсат беріледі.

2. Тақырыптық бағыты эротикалық сипаттағы фильм, материалдар жариялайтын БАҚ-тың есепке қойылғаны және оны сатуға рұқсат берілгені туралы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің берген куәлігінің түпнұсқасының көрсетілуі шешімнің берілуіне негіздеме болып табылады.

Шешімде: БАҚ атауы, сату үшін айқындалған мерзімдері мен орындары көрсетілуі тиіс.

3. Аталған баспасөз өнімін сатуға мына жағдайда тыйым салынады:

- 1) 18 жасқа толмаған тұлғаларға;
- 2) балалар және оқу мекемелерінде, оларға 300 метрге таяу орналасқан аумақтарда;
- 3) мемлекеттік мекемелерде, сәулет және тарихи ескерткіштердің маңында;
- 4) қолдан сатуға, қоғамдық көліктерде, көпшілік адамдар жиналған жерлерде.

4. Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының бөлшек саудасының ережелерін бұзған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңнамасы белгілеген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

5. Осы ережелер осындай эротикалық сипаттағы материалдары бар, соның ішінде таяу және алыс шет елдерден әкелінген жазба және бейне өнімдеріне, мерзімді баспасөз басылымдарына да таралады.

Шығыс Қазақстан облысының Әкімі
аппаратының басшысы Шығыс
Қазақстан облысы Әкімінің

2001 жылғы 2 мамырдағы

N 1034 шешіміне N 2 қосымша

Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының таралуына

бақылау жасау жөніндегі комиссияның
ҚҰРАМЫ

1. Рукин Александр Иванович - ШҚ ОАҚКБ бастығының орынбасары,
комиссия төрағасы
2. Бахтиярова Әлмира Кеңесқызы - облыс Әкімі аппаратының ішкі саясат
және әлеуметтік сала бөлімінің бас
маманы
3. Мұстафина Раушан - ШҚ ОАҚКБ БАҚ және реформаларды
Алдабергенқызы насихаттау бөлімінің жетекші маманы,
комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

1. Акава Анатолий Иванович - облыс Әкімінің кеңесшісі
2. Бакинова Бұлбұл Рамазанқызы - ШҚ ОАҚКБ БАҚ және реформаларды
насихаттау бөлімінің бастығы
3. Тоқтағанов Серік Сәлімбекұлы - облыстың ІІБ қоғамдық тәртіп
басқармасының бас инспекторы, полиция
майоры
4. Лавров Дмитрий Анатольевич - "Реал-тайм" телеарнасының режиссер-
операторы (келісім бойынша)
5. Милентьева Нина Михайловна - облыстық сауда және қызмет көрсету
департаменті бастығының орынбасары
6. Рахымов Бекзат Рахымұлы - қоғамдық бірлестіктермен жұмыс және
жастар саясаты жөніндегі бөлімнің
жетекші маманы
7. Романов Феликс Сергеевич - облыстық әділет басқармасының авторлық
және аралас құқықтар жөніндегі бас
маманы
8. Туров Эдуард Федорович - "Киноvideопрокат" КЭММ директоры
(келісім бойынша)

Шығыс Қазақстан облысының Әкімі
аппаратының басшысы

Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің
2001 жылғы 2 мамырдағы
N 1034 шешіміне N 3 қосымша

Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және
бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының таралуына
бақылау жасау жөніндегі комиссия туралы

Е Р Е Ж Е С І

Эротикалық сипаттағы материалдары бар жазба және бейне өнімдерінің, мерзімді баспасөз басылымдарының таралуына бақылау жасау жөніндегі комиссия Шығыс Қазақстан облысы Әкімінің жанындағы сарапшы-бақылаушы о р г а н б о л ы п т а б ы л а д ы .

Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары туралы" Z990451_ , "Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы" Z960006_ , "Лицензиялау туралы" Z952200_ Заңдарының орындалуына бақылау жасау жөніндегі жұмыстарды облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасымен тығыз байланыста жүргізеді. Өзінің қызметінде комиссия Қазақстан Республикасының Конституциясын K951000_ , қолданылып жүрген заңнамасын, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлықтарын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулыларын басшылыққа алады.

Комиссияның міндеттері:

1. Облыстық ақпарат және қоғамдық келісім басқармасы ұсынған материалдардың сипатын (порнография, эротика) анықтау мақсатында талдау ж ү р г і з у .

2. Жазба және бейне өнімдерін, баспасөз басылымдарын, соның ішінде шет елдерден әкелінген өнімдерді өткізу саласына бақылау бойынша үйлестіруді ж ү з е г е а с ы р у .

3. Заңды және жеке тұлғаларға БАҚ туралы, авторлық құқық туралы, лицензиялау туралы қолданылып жүрген Заңдарды түсіндіру жөнінде ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету.

Комиссияның құқықтары мен функциялары:

1. Облыстық БАҚ-дағы, WEB-сайттардағы жазба және бейне өнімдерін, мерзімді баспасөз басылымдарын сатуға бақылау жасайды, жарияланымдар мен материалдардың сипатын тексереді.

2. Қажет болса, нақты жағдайдан шыға отырып, белгілі бір немесе басқа да деректер бойынша ұсынымдар немесе қорытындылар шығарып бере алады.

3. Баспасөз салаларында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді меншік түрлеріне қарамастан, бұқаралық ақпарат құралдарының редакторларынан және меншік иелерінен, жазба, бейне, баспа өнімдерін т а р а т у ш ы л а р ы н а н с ұ р а й д ы .

4. Қалалардан және аудандардан түскен мәліметтер бойынша акт жасап, тиісті органдарға жібереді.

5. Өз аттарына түскен өтініштерді қарап, тиісті органдарға солар бойынша ұсыныстар енгізеді.

Шығыс Қазақстан облысының Әкімі
аппаратының басшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК